

**"Жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы" Қостанай облысы Амангелді ауданы Амангелді ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 24 мамырдағы № 1 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Қостанай облысы Амангелді ауданы Амангелді ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 27 қазандағы № 8 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 5 қарашада № 25013 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес  
**ШЕШТІМ:**

1. Қостанай облысы Амангелді ауданы Амангелді ауылдық округі әкімінің "Жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы" 2019 жылғы 24 мамырдағы № 1 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8483 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Амангелді ауданының Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оның ресми жарияланғанынан кейін Амангелді ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Амангелді ауылдық округінің әкімі*

*Г. Жандильдина*